

# HTML web-сайттарын әзірлеу әдістері



# WEB ҚҰЖАТ ЖАСАУ

**HyperText Markup Language**

**(HTML) - гипермәтінді**

**белгілеу тілі - World Wide**

**Web ортасында**

**жарияланатын гипермәтіндік**

**құжаттарды жазуға арналған**

**тіл.**

# *Гипермәтіндік құжатта (HTML-құжатта) символдық информация болады.*

- 1) Оның бір бөлігі - **мәліметтік мәтін**, яғни құжат мазмұнын құрайтын мәтін.
- 2) Екіншісі – **тәгтер** (markup tags) немесе белгілер (белгі жалаушалары деп те айтады) – құжат фрагменттерін белгілеу үшін және оның экранда бейнеленуін басқаруға арналған HTML тілінің арнайы элементтері, яғни командалары.

HTML-құжаттарды сақтайтын  
файлдардың типтері **.htm** немесе **.html**  
болады.

Броузер *тәгтерді* анықтап, олардың  
ішіндегі файл мәліметтерін  
компьютер экранында бейнелеу үшін  
қолданылады.

## *Тәгтер арқылы:*

- құжат тақырыбын ерекшелеуге,
- символдардың түсін, мөлшерін және сызылымын (начертание) өзгертуге,
- мәтін ішіне графикалық бейнелер мен кестелер енгізуге,
- гиперсілтемелер жасауға *болады.*

**Гипермәтіннің жай мәтінге қарағанда негізгі ерекшелігі - құжат ішіне HTML тілінің арнайы элементтері болып табылатын гиперсілтемелер қосуға болады, сол гиперсілтемелерді шерту арқылы басқа құжаттарға жеңіл көшуге болады.**

*Тәгтерді жазу кезінде бас әріп пен кіші әріп бірдей болып саналады.*

**Көбінесе тәгтер екеуден жазылады, олардың алғашқысы - ашылу тәгі (start tag) және екіншісі - жабылу тәгі (end tag) болып саналады.**

**HTML тілінің барлық тәгтері " < " символынан басталып, " > " символымен аяқталады.**

# Ашылу тәгінің синтаксисі (жазылу ережесі):

<тәг\_аты [атрибуттары]>

Жабылу тәгінің ашылу тәгінен айырмасы - тек оның алдында көлбеу сызықтың жазылуы:

</тәг\_аты>

Жабылу тәгінің атрибуттары болмайды.



# Тәг атрибуттарының форматы:

**[аты="мәні"]**

**Атрибут көрсетілмесе, оның алдын ала келісілген мәні (значение по умолчанию) пайдаланылады.**

# HTML ЭЛЕМЕНТТЕРІ

Элементтер **блоктық** және **мәтіндік** болып бөлінеді.

*Блоктық элементтер абзац* деңгейіндегі мәтінге жатады, *ал мәтіндік элементтер жеке сөз тіркестерінің* немесе одан да кіші мәтін бөлігінің қасиеттерін сипаттайды.

# HTML-ҚҰЖАТ ҚҰРЫЛЫМЫ

HTML тәгтерінің ең негізгісі - **<HTML>**, ол құжатты ашады, ал **</HTML>** тәгі құжаттың соңында тұрады. Осы екеуінің аралығында орналасқан жолдар біртұтас гипермәтіндік құжат құрайды.

# Жаңа терминдер:

**World Wide Web** - дүниежүзілік өрмек

(WWW немесе Web) - гипермәтіндік құжат.

**Web** – Сеть – Желі (өрмек).

**Гипермәтін (HYPERTEXT)** — негізінен WWW құрылған мәтін.

**HTTP (Hyper-Text Transmission Protocol)** – гипермәтінді жіберу хаттамасы. WWW-да клиент пен сервер арасында қатынас болу үшін қолданылатын хаттама.

**HTML (Hyper text Markup Language)** — «гипермәтінді белгілеу тілі».

**Тегтер (tag)** — атаулы белгі (именованная метка).